

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Наурыз айы, ІІІ-апта (15.03-19.03.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Салттар мен фольклор
Апталық тақырып: "Біздің салт-дәстүрлеріміз. "

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеу.

Міндеті: Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 15.03.2021ж.	Сейсенбі 16.03.2021ж.	Сәрсенбі 17.03.2021ж.	Бейсенбі 18.03.2021ж.	Жұма 19.03.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.	Санамақты үйрету: Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату	Пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратып, айтып шығу. Мақсаты: түстерді ажыратып, есте сақтау қабілетін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты: Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру.
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Доппен»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын: "Вагондарға дөңгелек таңдау" Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: "Желаяқтар мен жәйбасарлар" Мақсаты: Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып, оларды дұрыс ажырата білуге	Дидактикалық ойын: "Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: "Сиқырлы дорба" Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық ойын: «Оң және сол» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі

			үйрету, шапшаңдыққа баулу.			ойыншықтар.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	9.15-10.20	<p>1."Қатынас" Орыс тілі Тема: "Весна" Цель: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить составлять короткий рассказ на русском языке по картине. Совершенствовать звукопроизношение. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь. Формировать умение рассказывать о весне, бережное отношение к природе</p> <p>2."Таным" Математика негіздері Тақырыбы:«Салт дәстүр» Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, көлемі мен саны бойынша екі түрлі тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету. Оң және сол қолды ажырату біліктілігін іс-тәжірибе арқылы дамыту. Әдіс-тәсіл:</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:«Сыйқырлы қоржын» Мақсаты: Бір-біріне бөгет жасамай, кең қадам жасап тез қарқында жүгіруге үйрету. Аттап жүруде тепе-теңдікті сақтап жүруін бекіту. Тізені жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып, саты тақтайшаларынан ырғақпен аттап жүруді бекіту.</p> <p>3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы:«Тұсау кесу» (Халық әні) Мақсаты: Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру. Салт-дәстүр туралы түсінік беру.</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы:«Асық кімде?» Мақсаты: Ұлттық ойындардың ерекшеліктерін түсіндіру. Екі аяқпен алма кезек секіруді үйрету. Көлбеу тақтай бойымен еңбектеу, қимыл координациясын дамытуға жаттықтыру</p> <p>2."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Киіз үйге саяхат» Мақсаты: Адамдар үйлерде тұратынын, ал ертеде адамның өмір сүретін орны – киіз үйлерде тұрған деп және ондағы заттың бәрі өмір сүруге ыңғайлы болу үшін жасалған деген – қарапайым түсініктерін қалыптастыру</p> <p>2."Шығармашылық Сурет салу Тақырыбы:«Қазақтың ұлттық ою - өрнегінің екі элементі» (жолақша) Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою - өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Ою - өрнектер туралы түсініктерін</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Арқан тартыс» Мақсаты: Көлбеу тақтай бойымен еңбектеу, қимыл координациясын дамытуға жаттықтыру. Бір-біріне бөгет жасамай, кең қадам жасап тез қарқында жүгіруге үйрету</p> <p>1"Шығармашылық" Музыка Тақырыбы:«Тұсау кесу» (Халық әні) Мақсаты: Өнді қайталату арқылы салт-дәстүр туралы түсініктерін дамытып, аспаптардың дыбыстарын танып білуді жалғастыру</p>	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Бесік жыры» (шығармашылық элементтерімен әңгіме құрастыру) Мақсаты: Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мағлұмат беру. Халқымыздың салт – дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы бесік жырын тыңдату, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету.</p> <p>1."Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Құрақ көрпе» (қиылған бөліктерден құрастыру) Мақсаты: Қазақтың ұлттық тұтынатын бұйымдар жайында қарапайым түсінік беру, қиылған қағздарды түсіне, көлеміне қарай үйлестіре орналастыра алуға дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1. Амандасу. 2. Қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру.</p>

		<p>1.Амандасу. 2. Кіріспе әңгіме:көктем мезгілінде қандай мерекелер бар? 3.Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру. 4.Көрнекілік арқылы мерекені тойлап жатқан жайлаудағы көріністі бақылау. 5.Сергіту сәті. 6.Д/ойын: 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>		<p>дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Сурет арқылы киіз үй,төрт мүлік мал,жайлауды тамашалау. 3.Киіз үй туралы толық мағлұмат беру. 4.Д/ойын:"Төрт түлік малдың дыбысын сал" 5.Киіз үйдің ішінде болатын кілемшенің ою-өрнегін бояу арқылы салу. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>		<p>3.Әжеге қонаққа бару. 4.Әже бесікке салу салт-дәстүрмен таныстырып,бесік жырын айтады.Балаларға бесік жыры сөздерін қайталап айтқызу. 5.Д/ойын:"Ойлан тап" 6.Әжеге арнап құрақ көрпе құрастыру,сыйға беру. 7.Сергіту сәті. 8Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				

Серуен	10.40-12.00	1.Көктем мезгілін бақылау Мақсаты: табиғат құбылысындағы өзгерістерді бақылау. 2.Еңбек: ойын алаңын реттеу. 3.Қимылдыойын: "Аю мен қояндар" 4.Жеке жұмыс: Айкүн мен Альмирадан түстерді сұрау. 5.Еркін ойындар	1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылдыойын: "Ортаға түспек" 4.Жеке жұмыс: Алирахман мен Даулеттен жыл мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру. 5.Еркін ойындар	1.Күнді бақылау. Мақсаты:күннің жылуын сезіну. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдыойын: "Ақ серек,көк серек." 4.Жеке жұмыс: Асылым мен Аянаттан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.	1. Ағашты бақылау. Мақсаты: табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту 2.Еңбек: алаңды реттеу. 3.Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" 4.Жеке жұмыс: Ақылбекке түстерді айтқызып үйрету 5.Еркін ойындар.	1.Құстарды бақылау. Мақсаты: Жылы жақтан ұшып келетін құстар туралы түсінік беру. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылды ойын: "Ұшты - ұшты". 4.Жеке жұмыс: Ахмадияр мен Айбибіге сөйлем құрап үйрету. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		"Қарлығаш пен дәуіт" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Қасқыр мен жеті лак"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	"Әлди-әлди»атты әуенін тыңдату арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар	16.10-16.30	Вариативтік компонент: "Сиқырлы әлем!" Тақырыбы: "Аминаның көйлегі" Мақсаты: Дайын пішіндерді безендіруді үйрету. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу.	Үстел үсті театры арқылы "Маша мен аю"ертегісін сомдап беру. Мақсаты: ертегі арқылы тілдерін дамыту.	Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: әр мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету.	Дидактикалық ойын: "Түсі қандай?" Мақсаты: Балаларға түстерді үйрете отырып, оларды ажырата білулерін дамыту.	Балаларды"Бауырсақ"ертегісіндегі кейіпкерлерді атрибут арқылы ойнатып,ертегіні айтып түсіндіру. Мақсаты: балалардың актерлік шеберлігін оятып,сөйлеуге дағдыландыру.

		Құлақ шұқуға арналған мақталы таяқшамен дайын көйлек бейнесін безендіру. Нұрасылға санамақты айтқызу.	Айназ бен Акниетке ертегі кейіпкерлерін айтқызып,сұрау.	Альмирадан түстерді ажыратып,дұрыс айтқызуға үйрету.	Ақылбекке сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету	Айзере мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету
Серуенге дайындық	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.				
Серуен	16.50-17.50	Кешкі ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: "Аю мен қояндар" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойындар	Күннің батып жатқанын бақылау Қимылды ойын: " Жалаушаға жет" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар	Ғимаратты бақылау Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.	Ағаштарды бақылау. Қимылды ойын: "Аю апанында" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.	Ауа-райының өзгергенін бақылау Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту.	Ата-аналарға бетперде тағуларын ескерту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруін ескертіп айту.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.